

**Көксу ауданы мәслихатының 2016 жылғы 4 сәуірдегі № 2-1 "Көксу ауданында жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы**

Алматы облысы Көксу аудандық мәслихатының 2020 жылғы 24 шілдедегі № 62-6 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2020 жылы 30 шілдеде № 5574 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес, Көксу ауданы мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Көксу ауданы мәслихатының "Көксу ауданында жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы" 2016 жылғы 4 сәуірдегі № 2-1 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3820 тіркелген, 2016 жылдың 16 мамырында "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Көксу ауданы мәслихаты аппаратының басшысы Кожабергенов Айдар Кожабековичке жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Көксу ауданы мәслихатының  
сессия төрағасы*

*О. Нуртаев*

*Көксу ауданы мәслихатының  
хатшысы*

*А. Досымбеков*